

Е. Ш. АҚЫМБЕК

(Ә. Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы, Қазақстан)

2013 ЖЫЛЫ АҚТӨБЕ ҚАЛАШЫҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Аннотация. Зерттеу нысаны ортағасырлық Ақтөбе қаласы болып табылады.

Мақалада ортағасырлық Ақтөбе қаласында 2013 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстардың нәтижесі қарастырылады. 2009 жылы ашылған XI–XII ғасырларға жататын мұнара іргетасының маңында қандай құрылыстар бар екендігін анықтау барысында жүргізілген зерттеулердің барысында ашылған көше орны жан-жақты сипатталады. Сонымен қатар мұнараның қандай қызмет атқарғандығы туралы ғылыми болжамдар жасалынып, табылған материалдар суреттеледі.

Қазба жұмысы цитадельден 50 м батыста, шахристаннан ашылған мұнара іргетасының солтүстік-шығыс және оңтүстік-шығыс бөліктерінде жүргізілді.

Тірек сөздер: Ақтөбе, мұнара, қазба, көше, бөлме, керамика.

Ключевые слова: Актөбе, минарет, раскоп, улица, помещение, керамика.

Keywords: Aktobe, minaret, excavation, street, premises, ceramics.

Ортағасырлық Ақтөбе қаласы Жамбыл облысы Шу ауданына қарасты Ақсу ауылының оңтүстігінде, Шу өзенінің орта ағысында, тау алды тегістікте орналасқан. Географиялық координаттары: С. 43°13'43.86; Ш. 74°03'00.96. Ортағасырлық Ақтөбе қаласындағы 2013 жылғы далалық зерттеулер қаланың орталық бөлігінен (цитадельден) 50 м батыста, шахристанда жүргізілді. Осы жерде, 2009 жылы үстінде жүйесіз шашылып жатқан қыш кірпіш орнында қазба жүргізіліп, нәтижесінде екі бөліктен: іргетасынан (стилобат) және жоғарғы бөліктен (цоколь) тұратын, XI–XII ғғ. жататын мұнара құрылысының қалдықтары ашылған болатын [1]. Қыш кірпіштен қаланған құрылыстың сақталған биіктігі 3,6 м құрайды. Төртбұрышты мұнара іргетасының көлемі – 8,65x8,5 м, биіктігі – 2,6 м. Бұрыштары әлемнің төрт тарабына бағытталған. Тік төртбұрышты, барлық қабырғалары бірдей құрылыстың сақталған іргетасына қарағанда XI–XII ғғ. жататын Бурана мен Үзген мұнараларына ұқсас екендігі анықталды [2, с. 131-134]. Негізінен мұнараның төртбұрышты іргесі мен сегіз қырлы бөлігінің жобасы Бурана [3, с. 49-50], XI ғ. жататын Термез [4, с. 30-31] мұнараларына өте ұқсас. Бурана мұнарасы сөз етіп отырған мұнарадан біршама үлкен болғанымен, екеуі де қазаншұңқырға тұрғызылған және іргетасы мен сегіз қырлы бөлігі бірдей.

Мұнара негізінің сақталған биіктігі 3,6 м. Оның алғашқы биіктігі қандай болғаны белгісіз. Б. Н. Засыпкиннің ойынша, Бурана мұнарасының алғашқы биіктігі 40 м кем болмаған [3, с. 42]. Д. Ф. Винниктің есептеуі бойынша сақталған діңінің (ствол) биіктігі – 22 м [5, с. 60]. Олай болса Бурана мұнарасының тастан қаланған іргетасынан 3,65 м кіші Ақтөбе мұнарасы да биік болғанға ұқсайды.


Жүргізілген зерттеулер барысында мұнараның қандай мақсатта салынғанын (мешіт не бақылау (қарауыл) мұнарасы екенін) айту қиындық туғызған болатын. Алайда үш түрлі: мешіт, бақылау, бекініс мұнарасы деген болжам жасалынған еді [6].

1. Мұнара айналасында қыш кірпіштен тұрғызылған құрылыс жоқ болғанымен мұнара іргетасының (негізінің) солтүстік-шығыс жағынан қам кірпіштен қаланған қарама-қарсы қабырға өткендігін бақылау қазбасы көрсетті. Бұл мешіттің қабырғасы да болуы мүмкін. Себебі түбі сегіз қырлы Жарқорған мұнарасының (XII ғ.) батысындағы мешіттің сақталған кішкене бөлігі пахсадан тұрғызылған [7, с. 159].

2. Қаланың ұзын қорғанды қабырғасының сыртындағы биік жерлерде қам кірпіштен тұрғызылған бірнеше қарауыл (бақылау) мұнараларының орындары бар. Олар: Бозжорға, Жетіжар, Қамысбек, Қырықүй, Ортатөбе қарауыл мұнаралары мен төбелері. Осылардан алған белгілерді орталықтан бақылап тұратын мұнара болуы да мүмкін.

3. Г. И. Пацевичтің 1946 ж. қаланың орталық бөлігін түсірген топографиялық жобасында цитадельдің батысында айнала қоршап жатқан жалда сайдың орны көрсетілген (1-сурет) [8]. Бұл жерді 1967–1968 жж. Ақсу өзеніне су қоймасын салу кезінде тоған жасау мақсатымен техниканың күшімен сүргендіктен, бүгінде сайдың орны байқалмайды. Сонымен қоса 1974–1977, 1979 жж.

Городище Ак-тюбе возле колхоза им. Калинина Чуйского р.




1-сурет – Ақтөбе қаласының орталық бөлігінің жоспары (Г. И. Пацевич бойынша)

жүргізілген зертеулерден осы жағынан су құбыры және көше ашылған болатын [9, 24-38 б.]. Қақпа жолы бойына тұрғызылған мұнара деп есептейтін болсақ онда қаланың орталығын қорғауға арналған бекініс (қарауыл) мұнарасының негізі болуы ықтимал.

Сондықтан 2013 жылы мұнара қандай қызмет атқарғандығын анықтау үшін далалық қазба жұмыстары мұнара іргетасының солтүстік-шығыс және оңтүстік-шығыс бөліктеріне жүргізілді.

Мұнараның оңтүстік-шығыс бөлігіне салынған көлемі 15x5 м, ал солтүстік-шығыс бөлігіне – 14x4,2 м қазба жұмыстары 0,5-1,2 м тереңдетілді. Нәтижесінде бөлме қалдықтары мұнараның солтүстік-шығыс бөлігінен анықталса, оңтүстік-шығыс бөлігінен екі шеті пахсадан және қам кірпіштен тұрғызылған қабырғалармен қоршалған шаруашылық аймағынан шахристанға кірер көшенің едені ашылды (2, 3-суреттер). Қалыңдығы 1 м асатын мұнараның құланды кірпіштерін тазалау барысында ашылған жолдың тапталған қабатының қалыңдығы 0,3-0,4 м жетеді. Солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай, яғни цитадельге бағытталған көше мұнараның оңтүстік-шығыс қабырғасын бойлай орналасқан, оның ашылған бөлігінің жалпы ұзындығы – 15 м, ені – 5,5-6,5 м. Көшенің солтүстік-шығыс бөлігін екі жағынан пахса мен қам кірпіштен тұрғызылған қабырғалар қоршап жатыр. Көшенің оңтүстік-шығыс жағындағы қабырғаның қалыңдығы – 1,1 м, сақталған биіктігі – 0,35 м.

Солтүстік-шығыс бөлігіндегі қазба барысында жоғарыда атап өткендей, бір қабырға бойында орналасқан екі бөлмеден тұратын үлкен құрылыс қалдығының бір бөлігі (оңтүстік-батыс шеті) анықталды. Олардың оңтүстік-батыс қабырғасы мұнараның солтүстік-шығыс қабырғасына қарама-қарсы орналасқан. Мұнара мен бөлме қабырғаларының арасы – 2,1-2,3 м. Сыртқы қабырғаларының



2-сурет – Ортағасырлық Ақтөбе қаласы. 2013 жылғы қазба жоспары



3-сурет – Қазба. Оңтүстіктен көрінісі

қалыңдығы – 1,3-1,6 м, сақталған биіктігі бөлме сыртынан есептегенде – 1 м, бөлме ішінде – 0,2-0,5 м, яғни бөлмелердің едені сыртына қарағанда биік жатыр. Өлшемі 41x20x9-10 см қам кірпіштердің арасына қалыңдығы 1-2 см лай пайдаланылған. Бөлмелер ашылуына қарай берілді.


1-бөлме мұнараның солтүстік-шығысында орналасқан. Ашылған бөлігінің көлемі, ішінен есептегенде ені – 5,4 м, ал ашылған ұзындығы – 1,6-2 м. Оңтүстік-шығыс қабырғасы сыртынан көше өткен. Едені қабырға түбінен ортасына қарай дөңгеленіп, саз балшықпен сыланған. Өте қатты тапталған еденінде бөлменің шығыс бұрышына таман өлшемі 30x25 см жалпақ таудың тасы қойылған. Бұл бағана астына қойылған тұғыр тас болуы мүмкін.

2-бөлме 1-бөлменің солтүстік-батысында орналасқан. Екеуінің арасын қалыңдығы 0,8 м қабырға бөліп жатыр. Бөлменің ені – 4,6 м, ашылған ұзындығы – 1,6 м. Бөлменің солтүстік-батыс қабырғасын жапсарлай ені – 2 м, биіктігі 0,1-0,15 м биіктік байқалады. Ал оңтүстік-шығыс қабырғасында ені 1 м, биіктігі 0,4 м сыпаның (суфа) ізі сақталған.

Құрылыс қабырғалары бірнеше рет жөндеу жұмыстарынан өткендігін қабырғаларынан байқауға болады.

Ашылған бөлмелер тікелей мұнара құрылысымен байланысты екендігі ешқандайда күмән туғызбайды. Себебі 1-бөлменің оңтүстік бұрышынан шыққан ені 0,55 м қабырға мұнараның шығыс бұрышына таман (бұрышынан солтүстік-батысқа қарай 1,3 м) барып жалғасады. Осы қабырға 0,85 м қалыңдықта мұнараның осы солтүстік-шығыс қабырғасына қарама-қарсы оңтүстік-батыс қабырғасынан (оңтүстік бұрышынан солтүстік-батысқа қарай 1,05 м) ары қарай жалғасын тапқан. Яғни мұнара цоколінің көше жақ бетіндегі қабырғасының екі жақ беті де қабырғамен жалғасқан.

Жоғарыда аталған үш түрлі болжамның барлығы да қазба жұмыстарында ашылған құрылыстарға қатысты болғанымен, әзірге үшінші болжам толығымен ашылып келеді. Өйткені Г. И. Пацевичтің жоспарында көрсетілген цитадельдің айналасындағы қабырға жалдарының бүгінде қазба жүргізілген нысанның солтүстік және солтүстік-батысындағы бөлігі ғана сақталған (4-сурет).




4-сурет – Ортағасырлық Ақтөбе қаласы. Орталық бөлігінің жоспары

Сақталған бөлігіне қарағанда қабырға жалы ашылған мұнара іргетасының маңынан өткен болуы керек. Бірақ оны анықтау мүмкін емес. Себебі кеңестік дәуірде ол жер су тоғанын салу мақсатында техниканың күшімен сырылып, топырағы алынған. Дегенмен мұнара іргетасының оңтүстік-шығысынан өткен көше шаруашылық аймағынан цитадельге тура бағытталғандығын 1970 жылдардың екінші жартысында жүргізілген зерттеулер көрсетіп берген. Көше бойынан жағалай ашылған құбыр жүйесі де тікелей цитадельге бағытталғандығын қазба жұмыстары және бүгінде қашыртқы каналдың сол жақ жарқабағынан шығып тұрған құбырдың қалдықтары дәлелдейді.

Қазба жұмыстары кезінде табылған заттардың пайыздық үлесі бойынша көбін қыштан жасалған бұйымдар (керамика) құрайды. Қыш бұйымдарды құрайтын негізінен ыдыс-аяқтарды қолдану аясына қарай ас үйлік, асханалық, тұрмыстық және шаруашылық деп бөлуге болады.

Ас үйлік ыдыстардың ішінде қазан, қақпақ, көзе сынықтары бар.

Қазанның негізінен ернеу және тұтқа сынықтары (5-сурет, 1). Құрамына құм, майда қиыршық тас аралас саз балшықтан қолмен жапсырылып (көбі) және шарықта (1 данасы) жасалынып күйдірілген. Біразы бірқалыпты күйдірілсе, бір бөлігінің күйдірілуі бірқалыпты емес. Ернеулерінің жасалуына қарай үш топқа бөлуге болады. Бірінші топтың қазандарының қабырғасы ішке қарай тіктеу иықтанып келіп доғалданып ернеуленген. Мұндай қазандардың тұтқалары негізінен бітеу ай құлақтанып келген. Тұтқасының тұла бойын саусақпен сылап бастырып бекіткен. Саусақтың іздері біршама анық байқалады. Олардың ернеуінің диаметрі – 28 см. Екінші топтың қазан қабырғасы бүйірінен жазық иықтанып барып, сәл жоғары көтеріліп доғалданып ернеуленген. Ернеулерінің диаметрі – 18-21 см. Мұндай қазандардың тұтқасы сәл ғана доға тәрізденіп бітеу жапсырылып бекітіледі. Тұтқасының бойы саусақ ұшымен қиғаш бастырылып, бедерленіп өрнектелген. Осындай бір қазан тұтқасы тұсынан сондай доғаланып екі қатар сызық сызылған. Бірақ дәл осындай тұтқасы бар бір қазан ернеуі қайтарылмастан тік барып аяқталса, келесі бір қазанның осы сияқты, бірақ қысқа тұтқасының үсті саусақ ұшымен басылмаған. Келесі бір топты шарықта жасалынған бір қазанның ернеу сынығы құрайды. Көлбеу шыққан қабырғасы сәл тік қырланып, аяқталып ернеуленген. Іш жағынан ернеуіне қарай сыртқа қиғаш шыққан. Әдетте мұндай қазандар



5-сурет – Қыш қазан мен қақпақтар

қақпаққа ыңғайлы етіп жасалынған. Ернеуінің диаметрі – 17 см. Тұтқасы жоқ. Келесі бір қазанның тұтқасы бітеу қалың доғаланып, жапсырылып бекітілген. Тұла бойы саусақпен сыланып, ал ұшы саусақ ұшымен бастырылып бекітілген. Жалпы қазан қабырғаларының қалыңдығы – 0,7-1 см. Бұл қазанның жоғарғы бөлігіне тән қалыңдық. Негізінде түп жақтары бұған қарағанда қалың болады. Саусақ іздері жақсы байқалады. Қазандардың барлығының сыртын күйе жапқан.


Жалпы жиналған қақпақтар жиынтығының көлеміне және қолданылуына қарай оларды қазанға, тандыр ошаққа және құмға (үлкен ыдыстарға) арналған деп бөлуге болады.

Қазанға арналған қақпақтар құрамына құм араластырылып саз балшықтан қолмен жапсырылып жасалынған (5-сурет). Бірқатары бірқалыпты күйдірілген болса, келесі бір тобының күйдірілуі бірқалыпты емес. Ортасындағы тұтқаларының біразы жуан, кейбірі жіңішке санырауқұлақтанып жасалынған. Негізінен өрнектерінің барлығы саусақ ұшымен басу және сызу арқылы жасалынған. Бір топ қақпақтардың жиегіне өрнек жүргізілмегенмен, бетіне түзу, толқынды, нүктелі өрнектер саусақ ұшымен жүргізілген. Келесі топтың қақпақтарының жиегі саусақ ұшымен қиғаш бір бағытта және тік басылып, беті толқынды, түзу және қисық сызықтары саусақ ұшымен басылып сызылып өрнектелген. Тіпті өрнегі жоқ қақпақтар да бар. Саусақ іздері әртүрлі деңгейде батырылған. Қазанға арналған қақпақтардың диаметрі – 16-25 см, қабырғаларының қалыңдығы – 0,7-1,8 см. Кейбір қақпақтар ас үйлік көзелер мен көзелектерге де арналуы мүмкін. Бірақ оларды ажырату мүмкін емес. Дегенмен барлығының асты отқа күйген. Негізінен жиек жағын күйе жапқан.

Көзенің екі ернеу сынығы табылды. Оның бірі құмша тәрізді жасалынған. Құрамдарына құм араластырылған саз балшықтан бірі қолмен, екіншісі шарықта жасалынып, бірқалыпты күйдірілген. Бірінің бүйірінен шыққан қабырғасы сәл ғана көлбеу иықтанып мойнына жалғасып, тік шығып сыртқа болмашы иіліп барып ернеуленген. Ернеуінің диаметрі – 16 см, қабырғасының қалыңдығы – 1 см. Иығында, мойнында бір қатар, ернеу астында төрт қатар қатты затпен айнала сызылған сызықтары бар. Әдетте мұндай көзелердің бір-біріне қарама қарсы орналасқан иығы мен мойнына жапсырылып бекітілген кішкентай ілмек тәрізді жалпақ тұтқалары болады. Екінші ернеу сынығының қабырғасы қысқа мойынданып, сыртқа бірте-бірте шығып тік аяқталып ернеуі жиектелген. Үсті тегіс келген ернеуінің диаметрі – 22 см, қабырғасының қалыңдығы – 1,3 см.

Асханалық ыдыстарға құмыра, құман, көзе, көзелек (горшочек), саптыаяқ сынықтарын жатқызуға болады.

Құмыралардың негізінен ернеу және тұтқа сынықтары (6-сурет, 2, 3). Құрамына құм (кейбіріне сонымен қатар майда қиыршық тас) араластырылған саз балшықтан, басым бөлігі шарықта, тек біреуі ғана қолмен жапсырылып бірқалыпты күйдірілген. Құмыралардың біразы әсем, яғни нәзік



6-сурет – Қыш ыдыстар

жасалғандығы байқалады. Негізінен мойын және ернеу бөліктеріне қарап тар және кең ауызды деп бөлуге болады. Ауыздары тар құмыралар өте нәзік жасалынған. Шар тәрізді бүйірі кең иықтанып, ұзын мойнына жалғасқан қабырғасы сыртқа сәл кеңіп шығып, сақиналанып ернеуленген. Ернеулерінің диаметрі – 5,5 см, мойнының ұзындықтары – 10 см, диаметрі – 3,4-4 см, мойын қабырғаларының қалыңдықтары – 0,4-0,6 см. Бірінің мойын бөлігі бөлек жасалып, бүйіріне жапсырылғандығы байқалады. Тұтқаларының жоғарғы жағы ернеу астына, ал төменгі жағы бүйір үстіне жапсырылып бекітілген. Тұтқалары қимасында сопақ және жалпақ. Бірінің иығында тарақ тәрізді затпен бастырылып сәл сызылған, ал мойны мен ернеу астында айнала сызылған бірнеше қатар сызықтардың арасы тарақ секілді затпен тігінен батырып отырып сызылған толқынды сызықтары бар. Бір құмыра қабырғасының сынығында екі қатар сызық қатты үшкір затпен айнала жүргізіліп, олардың арасына доңғалақ тәрізді (диаметрі – 1,1 см) баспа (мөртабан) өрнек түсірілген. Бір қарағанда үлкен құмыралардың пішіндері бір-біріне ұқсағанымен, жасалу үлгісінде, тұтқаларында айырмашылықтар бар. Дегенмен мұндай құмыралардың мойындары қысқа келеді. Иығынан шыққан қабырғалары тік мойынданып келіп ернеуленген. Мойындарының биіктігі – 3-6,5 см, ернеулерінің диаметрі – 9-16 см, қабырғаларының қалыңдығы – 0,5-1,1 см. Тұтқаларының жоғарғы жағы ернеу асты мойнына, төменгі жағы бүйір үсті иығына жапсырылып бекітілген.

Құмандардың негізінен шүмек және тұтқа сынығы. Бірінің жоғарғы бөлігі сақталған. Құрамдарына майда құм араластырылған саз балшықтан шарықта жасалынып бірқалыпты күйдірілген. Шар тәрізді бүйірінен (бүйір үстінен) шүмектеніп қиғаш шыққан бір құманның қабырғасы сыртқа сәл кеңіп барып, сақиналанып ернеуленген. Шүмегінің ұзындығы – 7,5 см, мойнының жіңішке тұсының диаметрі – 4 см, ернеуінің диаметрі – 5,3 см. «Г» тәрізді тұтқасының жоғарғы ернеу астына, ал төменгі жағы ыдыстың қақ ортасына жапсырылып бекітілген. Қимасында тұтқасы сәл сопақтау, бірақ тұтқа сыртында жоғарыдан төмен ортасынан саусақ ұшымен бастырылып сайланған. Ортасында керісінше белдеуі бар тағы бір тұтқаның үстіне диаметрі 1,6 см, биіктігі 0,4 см түйін жапсырылған. Мұндай түйіндер көбінде құмыралардың тұтқаларында кездеседі.

Көзелердің ернеу сынықтары (6-сурет, 4). Құрамдарына құм және кейбіріне ірі құм араластырылған саз балшықтан шарықта жасалынып, біралыпты күйдірілген. Бұлардың ас үйлік көзелерден айырмашылығы осы құрамында. Бірінің еркін томпайып шыққан бүйірінен қабырғасы көлбеу иықтанып мойнына жалғасып, ол сыртқа қайтарылып барып, қимасында доғал үшбұрыштанып жиектеніп ернеуленген. Ернеуінің диаметрі – 21 см, қабырғасының қалыңдығы – 1-1,2 см. Бүйір үстінде айнала екі қатар сызығы бар. Қалған төрт көзенің ернеу сынықтарына қарап екіге бөлуге болады. Оның екеуінің ернеуі сыртқа қайтарылып барып жиектеніп ернеуленсе, екеуінің мойын қабырғасы тік шығып аяқталып ернеуленгенімен, ернеу астында бірнеше (бірінде екі, екіншісінде үш қатар) айнала сызықтары бар.

Көзелектердің тұтқа сынықтары. Құрамына құм араластырылған саз балшықтан қолмен жапсырылып (1 дана) және шарықта (3 дана) жасалынып бірқалыпты күйдірілген. Кішкентай келген, бірақ жалпақ дөңгелек тұтқалары ыдыстың иығына жапсырылып бекітілген. Екеуінің тұтқа сыртында, екі шетінен саусақпен жоғарыдан төмен сызылып, ортасына белдеу жасалынған. Тұтқалардың жалпақтығы – 2,1-2,7 см, қалыңдығы – 0,9-1 см.

Саптыаяқтың ернеу, түп және тұтқа сынықтары (6-сурет, 1). Құрамдарына құм араластырылған саз балшықтан қолмен шарықта жасалынып, бірқалыпты сапалы күйдірілген. Ернеу және түп бөліктері бойынша пішіндерін екі түрлі топқа жатқызуға болды. Бірінің пішіні көзелек іспеттес болса, екіншісі кесеге ұқсайды. Көзелекке ұқсас саптыаяқтардың түбі өте кіші, диаметрі – 4-5 см, қабырғаларының қалыңдығы – 0,5-0,7 см. Тұтқасының төменгі жағы бүйіріне жапсырылып бекітілген). Кесеге ұқсас пішіндегі саптыаяқтардың түбі қалың тұғырланып шыққан. Түптерінің диаметрі – 5,3-7 см, қабырғаларының қалыңдығы – 0,5-1,1 см. Жоғарғы бөлігі сақталған бірінің түбінен қиғаш шыққан қабырғасы еркін жоғары қарай көтеріліп барып сыртқа сәл ғана иіліп ернеуленген. Ернеуінің диаметрі – 14,5 см. Қабырғасының қалыңдығы – 0,5-0,7 см. Тұтқа сынығына қарағанда ілмек тәрізді кішкентай тұтқасы ернеу астына жапсырылып бекітілген. Тұтқаның жалпақтығы – 2,2 см, қалыңдығы – 0,9 см.

Тұрмыстық және шаруашылық ыдыстарды сынапкөзе, шам, құм, құмша, тегеш, тегене, келі тәрізді ыдыс, дастарқан, тандырдың қақпақ сынықтары құрайды.

Сынапкөзенің (сфероконус) иық, бүйір, түп сынықтары шықты. Жақсы иленген саз балшықтан жасалып, жоғарғы температурада бірқалыпты күйдірілген. Түстері сұрғылт көк және қара көк.

Түптері сүйір келген. Бірінің бүйір қабырғасында бірнеше қатар шеңберлі сызығы, екінші бірінің иығынан бүйіріне қарай тарақ секілді түтікшемен басылған іздер, олардың арасы жоғарыдан төмен қиғаш екі қатарлы сызылған сызықтары, келесі бірінің иығында айнала екі қатар сызығы бар.

Шырақтың екі сынығы. Екеуі де қолдан жапсырылып жасалынған. Бірінің жалпақ түбінен жоғары қарай тік шыққан қабырғасы сәл ғана көтеріліп ернеуленген. Диаметрі – 1,05 см, ішінің тереңдігі – 0,4 см. Дәл ортасында басылған басбармақтың ізінің бір жағына қатты затпен батырылып сызылған бес қатар қысқа сызықтар бар. Екінші бірі тостаған секілді жасалынған. Түбінен еркін көтерілген қабырғасы дөңгеленіп аяқталып ернеуленген. Ернеуінің диаметрі – 7,5 см, қабырғасының қалыңдығы – 1 см.

Құмның тек екі ернеу сынығы ғана табылды. Әдетте құмдар бірнеше бөліктерден тұрады. Олар жеке жасалып бір-біріне қиюластырылады. Табылған осы ернеулер шарықта жасалынғанға ұқсайды. Қалың қабырғалары сәл ғана мойынданып, сыртқа біраз қайтарылып барып, бірі қырланып, екіншісі дөңгеленіп жиектеліп ернеуленген. Қырланып аяқталған бірінің ернеуінің диаметрі – 29 см, қабырғасының қалыңдығы – 1,6 см, екіншісінің диаметрі – 40 см, қабырғасының қалыңдығы – 2 см.

Құмшаның ернеу сынығы. Құрамына құм араластырылған саз балшықтан жасалынып, бірқалыпты күйдірілген. Пішіні кіші болғанымен ернеуі кең болған. Иық қабырғасы еркін дөңгеленіп мойынданып, сыртқа қайтарылып барып (қимасында үшбұрыш тәрізді) ернеуленген. Ернеуінің диаметрі – 30 см, қабырғасының қалыңдығы – 1,7 см.

Тегештің ернеу сынығы. Құрамына құма, ірі құм араластырылған саз балшықта қолмен жапсырылып жасалынып күйдірілген. Түбінен қабырғасы еркін дөңгеленіп қиғаш шығып қырланып аяқталып ернеуленген. Ернеуінің диаметрі шамамен – 25 см, жалпы биіктігі – 7,5 см, қабырғасының қалыңдығы – 1-1,4 см. Түп жағы бөлек жасалынғандығы байқалады. Ортасы саусақ ұшымен бастырылған сопақша келген кішкентай (түйенің қос өркешіне ұқсас) тұтқасы қабырғасына жапсырылып бекітілген.

Тегенелердің ернеу сынықтары (6-сурет, 6). Құрамдарына құм, кейбіріне ірі құм араластырылған саз балшықтан қолмен жапсырылып жасалынып, күйдірілген. Оларды тұтқасы мен ернеуіне қарап екі топқа бөлуге болады. Бірінші топ тегенелерінің түптерінен қабырғалары қиғаш көтеріліп тік аяқталып ернеуленген. Негізінен (3 данасының) шомбал (2) және кіші (1) келген тұтқалары қабырғасына жапсырылып бекітілген. Олардың беті саусақ ұшымен және қатты затпен бастырылып белдеуленген. Ернеулерінің диаметрі – 36-42 см, қабырғаларының қалыңдығы – 1-1,4 см. Екінші топты бір тегененің сынығы құрайды. Оның қабырғасы түбінен қиғаш шығып сыртқа сәл қайтарылып барып, тік аяқталып ернеуленген. Ернеуінің диаметрі – 42 см, қабырғасының қалыңдығы – 1,2-2 см, жалпы биіктігі – 11,5 см. Түбіне қарай қалыңдаған. Түбі бөлек жасалынып біріктірілгендіктен, осы тұсынан сынған. Жарты ай секілді (мұндай тұтқа қазандарда кездеседі) тұтқасы ернеу жиегі астына жапсырылып бекітілген. Беті саусақ ұшымен бастырылып бедерленген және қақ ортасының үстіне түйін жапсырылған. Үсті тегіс ернеуінде тарақ секілді қатты затпен бірнеше (5) қатар толқынды сызықтар сызылған.

Келі тәрізді ыдыстың түп сынығы (6-сурет, 5). Құрамына құм араластырылып жақсы иленген саз балшықтан ленталы жасалып, бірқалыпты күйдірілген. Қалың тұғырлы түбінен қабырғасы қиғаш шыққан. Тұғыры айнала саусақ ұшымен бастырылып өрнектелген. Түбінің диаметрі – 10,2 см, қабырғасының қалыңдығы – 1,2-1,5 см.

Дастарқанның тұғыр және ернеу сынықтары (6-сурет, 7). Құрамдарына құм арластырылған саз балшықтан қолмен жапсырылып жасалынған. Күйдірілулері бірқалыпты емес. Барлығының беті тегіс. Бір дастарқанның жиегі астына қарай сәл қырланып қайтарылып барып (қимасында төртбұрышты), ішкі жағына саусақ ілінетіндей сайланып аяқталған. Мұның жиегінің диаметрі 60 см шамасында, қабырғасының қалыңдығы – 2,2 см. Астында ешқандай өрнек жоқ. Екінші біреуінің жиегі астына қарай сәл қырланып қайтарылып дөңгеленіп аяқталған. Оның диаметрі – 65 см шамасында, қабырғасының қалыңдығы – 2-2,7 см. Астында жиегін айнала және ортасындағы тұғырды айнала қатты затпен бірнеше қатар (ортасындағысы толқынды) сызықтар сызылып, осы екі аралыққа қатты үшкір затпен өсімдіктік өрнек түсірілген). Тағы бір сынық қабырғасында бірнеше қатар (тарақ тәрізді затпен түсірілген) толқынды сызықтары бар. Тұғыр сынықтарының екеуінің түп жағы сыртқа қайтарылып барып дөңгеленіп аяқталса, біреуі тік аяқталған. Соңғысының сыртында жоғарыдан төмен саусақ ұшымен қиғаш сызылған сызықтары бар. Тұғырларының диаметрі 30 см шамасында.


Тандырдың қақпақтары шаруашылық заттарының ішіндегі ең көбін құрайды. Құрамдарына құм, кейбіріне ірі құм араластырылған саз балшықтан қолмен жасалынып күйдірілген. Күйдірілу деңгейлері әртүрлі. Қақпақтардың барлығы бірдей болғанымен өрнектері алуан түрлі. Бірқатарының ешқандайда өрнегі болмаса, келесі біреулерінің тек жиегі саусақ ұшымен (әртүрлі жиілікте) бастырылған, тағы біреулерінің жиегі және беті саусақ ұшымен бастырылып, кейде беті саусақ ұшымен сызылып өрнектелген, тағы біреулерінің шеті саусақ ұшымен бастырылып, үсті тарақ секілді затпен бірнеше қатар толқындалатылып сызылған, келесі біреулерінің тек бетіне ғана қатты затпен геометриялық сызықтар түсірілген. Қақпақтардың диаметрлері – 38-44 см, қабырғаларының қалыңдығы – 1,5-2,6 см. Сондай ақ тұтқаларының пішіні де әртүрлі. Дегенмен жуан келген тұтқалары саңырауқұлақ және шар тәрізді келген. Тұтқалардың барлығы саусақ ұшымен жапсырылып бекітілген. Осы тұстарында қатты батырылған саусақ ұштарының ізі сақталған. Саңырауқұлақ сияқты тұтқаның жиегі саусақ ұшымен бастырылып бедерленген. Тағы бірінің үстіне крест сызылып, оның төрт ұшы мен қақ ортасы және сызықтарға перпендикуляр бос аралықтары түтікшемен бастырылған.

Ұршық тастың жартысы. Саз балшықтан томпақ етіліп жасалып күйдірілген. Оның диаметрі – 3,9 см, ортасындағы тесігінің диаметрі – 0,7-0,9 см, қалыңдығы – 2,5 см.

Сырлы ыдыстардың ішінде тостаған, табақ және шырақтың сынықтары бар.

Тостағандар жақсы иленген саз балшықтан шарықта жасалынып, бетітер сырланып бірқалыпты күйдірілген. Қабырғасы сыртқа сәл шалқайып барып дөңгеленіп аяқталған, ернеуінің диаметрлері – 11 см, қабырғаларының қалыңдықтары – 0,5-0,6 см, сәл ғана тұғырланған түптерінің диаметрі – 4,8-5,1 см. Бірінің іші-сыртына ангоб жағылып, оның үстіне ашық жасыл түсті сырмен ішіне және сыртының жартысына дейін көмкерілген, келесі бірінің ангоб үстіне сүт түстес сыр жағылған. Бір тостағанның ангоб үстіне ақ түсті сыр көмкеріліп, түбінің ортасына қара және бұлынғыр жасыл түсте (үш жасылдың арасына екі не үш кара түсте) гүлдесте (пәлек секілді) өрнегі, ал ернеуіне нүктелер қара түсте, одан төмен екі қатар қара түсте жолақтың арасына қара түсті сырды айнала каллиграфия жүргізілген (7-сурет, 2).

Табақтардың ернеу, қабырға және түп сынықтары. Жақсы иленген саз балшықтан шарықта жасалынып, іші-сырттары ангобпен көмкеріліп, оның үстіне сыр жағылып, бірқалыпты күйдірілген. Түптерінің асты ортасына қарай сәл сайланып келген. Толығымен ангобпен көмкерілген



7-сурет – Сырлы табақ пен тостаған

кейбіреулерінің іші ашық жасыл және бұлыңғыр сарғыш жасыл фонға қоңыр және қара түсті бояуда гүлдесте (пәлек тәрізді) салынған және біреуінің ортасына қара түс, оны айнала ақ, оның сыртынан қызғыш қоңыр түсте қалың шеңбер, оның сырты ашық қоңыр түсте айналдырылып, кейінгі екеуінің үстінен сәуле секілді қара сызықтар шашырап, аралары қара түсті нүктелермен толтырылған. Түптерінің диаметрлері – 8,5-9 см. Бірінің ернеу сынығында ернеуінің үстіне қара түсте белгілі бір арақашықтықта жолақтар және тамызған нүктелер жүргізілген. Тағы бір табақтың іші-сырты ақ түсті ангобка көмкеріліп, ашық жасыл көк түсте боялып, оның қабырғасының орта тұсынан (ішкі жағы) және ернеуінен төмен айнала араб әріптеріне ұқсас біркелкі төртбұрышты өрнектер қара түсте салынған. Ернеуінен төмен өрнектің астын айнала екі қатар сызық қоңыр түсте, арасы ашық қызғылт қоңыр түсте жолақ өтіп, оның бетіне астыңғы және үстіңгі сызықтарды қиғаш жалғаған қара түсті сызықтар жүргізіліп, олардың арасы қатты затпен қиғаш кертілуде астыңғы ашық жасыл көк түс көрініп қалған (7-сурет, 1). Табақтың біреуінің ернеуінің диаметрі – 24 см, екінші үлкен табак ернеуінің диаметрі 40 см шамасында, қабырғаларының қалыңдығы – 0,5-0,6 см.

Шырақтың тұмсық және тұтқа сынығы. Науаланып шыққан тұмсығы ақ түсті ангобпен көмкеріліп, бетіне ашық сарғыш жасыл түсті бояу жағылған. Тұмсығының ұшы күйген. Ал тұтқа бөлігінің сынығы қара түсте сырланған.

Әшекей бұйымдардан моншақтардың екі данасы табылды.

Бірінші моншақ қою көк түсті шыныдан жасалынғанымен, бірнеше бөлікке сынып кеткен.

Екінші моншақ ақ түсті, кей жерлері қара тастан жасалынған. Орта тұсы бір жағына қарай қалыңдау келген моншақтың ұзындығы – 3,7 см, қалыңдығы – 1,2 см, жуан жерінің жалпақтығы – 1,7 см. Ұзынынан бойлай диаметрі 0,2 см тесік өткен. Моншақ тастың жасалынуына және қара түсті бөлігі қалыңдалған жағында болуына, ол жағы үшбұрыштанып келуіне қарап, мұны моншақ тізбегінің ортасында тұрған деп болжауға болады.

Металдан жасалған бұйымнан жебе ұшы мен тиын табылды.

Жебенің ұшы темірден жасалынған. Шегелі жебе ұшының ұзындығы – 4,7 см, төрт қырлы келген өзегінің өлшемі – 0,5x0,6 см. Сап жағында ағаштың қалдықтарын тот басқан жерінен көруге болады. Ағаш қалдықтары жоқ, үшкір жағының ұзындығы – 1,5 см.

Тиын. Қоладан жасалған тиынның диаметрі – 2,3 см, қалыңдығы – 0,3 см. Қатты тотыққан. Бетіндегі жазулары көрінбейді. Соған қарағанда дайындама болса керек.

Қорыта айтқанда, мұнараның оңтүстік-шығысындағы көше мен солтүстік-шығысындағы бөлмелердің орындары XI–XII ғғ. жататындығын табылған материалдар кешені дәлелдеп берді. Олардың қандай қызмет атқарғандығын алдағы жылдардағы зерттеулер анықтайтын болады. Дегенмен зерттеу жүргізілген жерде ерекше қоғамдық құрылыс кешені болғандығы анық.

ӘДЕБИЕТ

1 Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Ортағасырлық Ақтөбе қаласы» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысының есебі // ҚР БҒМ ҒК Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының архиві. – Алматы, 2009.

2 Хмельницкий С. Между саманидами и монголами. Архитектура Средней Азии XI – начала XIII вв. Ч. I. – Берлин-Рига, 1996. – С. 131-134.

3 Массон М.Е., Горячева В.Д. Бурана. – Фрунзе, 1985. – С. 49-50. – Рис. 7.

4 Засыпкин Г.Б. Памятники монументального искусства Советского Востока // Художественная культура Советского Востока. – М.-Л., 1931. – С. 30-31.

5 Винник Д.Ф. Башня Бурана // Памятники Киргизстана. – Вып. 2. – Фрунзе, 1975. – С. 60.

6 Yeraly Akymbek, Beibit Baibugunov. Minaret of medieval city Aktobe // World Academy of Science, Engineering and Technology. – Issue 78 June 2013 Paris. – P. 2093-2096.

7 Хахимов З.А. Памятники архитектуры в Южном Узбекистане // Художественная культура Средней Азии. IX–XIII века. – Ташкент, 1983. – С. 159.

8 Пацевич Г.И. Археологические памятники района среднего течения реки Чу // ҚР БҒМ ҒК Ә. Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мұрағаты. – 1946.

9 Шалекенов У.Х., Оразбаев А.М. Некоторые данные в водопроводной системе средневекового Актобе // История материальной культуры Казахстана. – Алма-Ата, 1980. – Б. 24-38.

REFERENCES

1 Memlekettik «Ma'deni" mura» baghdarlamasi' ayasi'nda «Ortaghasi'rli'q Aqto'be qalasi'» taq'i'ri'bi' boyi'nsha ghi'li'mi"-zerttev jumi'si'ni'ng esebi. QR BGhM GhK A'.H. Marghulan ati'ndaghi' Arheologi"ya i'nsti"twi'ni'ng arhi"vi. Almati', 2009.

2 Hmel'ni"cki'y S. Mejdw samani"dami" i" mongolami". Arhi"tektwra Sredney Azi"i" III – nachala XIII vv. Ch. I. Berli"n-Ri"ga, 1996. S. 131-134.

- 3 Masson M.E., Goryacheva V.D. Bwrana. Frwnze, 1985. S. 49-50. Ri's. 7.
4 Zasi'pki'n B. Pamyatni"ki" monwmental#nogo i"skwsstva Sovetskogo Vostoka. Hwdojestvennaya kwl#twra Sovetskogo Vostoka. M.-L., 1931. S. 30-31.
5 Vi"nni"k D.F. Bashnya Bwrana. Pamyatni"ki" Ki"rgi"zstana. Vi'p. 2. Frwnze, 1975. S. 60.
6 Yeraly Akymbek, Beibit Baibugunov. Minaret of medieval city Aktobe. World Academy of Science, Engineering and Technology. Issue 78 June 2013 Paris. P. 2093-2096.
7 Haki"mov Z.A. Pamyatni"ki" arhi"tektwri' v Yujnom Wzbeki"stane. Hwdojestvennaya kwl#twra Sredney Azi'i". II–III veka. Tashkent, 1983. S. 159.
8 Pacevi"ch G.I'. Arheologi"cheski"e pamyatni"ki" rayona srednego techeni"ya reki" Chw. QR BGhM GhK A'. H. Marghulan ati'ndaghi' Arheologi"ya i"nsti"twi'ni'ng muraghati'. 1946.
9 Shalekenov W.H., Orazbaev A.M. Nekotori'e danni'e v vodoprovodnoy si"steme srednevekovogo Aktobe. I"stori"ya materi"al#noy kwl#twri' Kazahstana. Alma-Ata, 1980. B. 24-38.

Е. Ш. Акымбек

(Институт археологии им. А. Х. Маргулана, Алматы, Казахстан)

ИТОГИ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ НА ГОРОДИЩЕ АКТОБЕ В 2013 ГОДУ

Резюме

Объектом исследования является средневековое городище Актобе.

В статье рассматриваются итоги археологических работ на городище Актобе в 2013 году. Подробно исследована улица, расположенная в окрестности основания минарета XI–XII вв., который был обнаружен в 2009 году. А так же, были даны научные предположения о цели использования данного минарета. Материал описан и отрисован. В 50 м западнее цитадели на площади шахристана, обследовано основание минарета его северо-восточная и юго-восточная части.

Ключевые слова: Актобе, минарет, раскоп, улица, помещение, керамика.

Е. Ш. Акымбек

(А. Н. Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan)

RESULTS OF ARCHAEOLOGICAL INVESTIGATIONS OF THE CITY AKTOBE 2013

Summary

Object of study is medieval settlement Aktobe.

The article discusses the results of the archaeological work on the site of Aktobe 2013. Investigated in detail street located near the base of the minaret of XI–XII centuries. Which was discovered in 2009. And also , were given scientific assumptions about the purpose of the use of the minaret. Discovered material is described and illustrated.

50 m west of the citadel area on the base of the minaret (shakhristan) examined the north-eastern and south-eastern parts.

Keywords: Aktobe, minaret, excavation, street, premises, ceramics.